
7. Савельев, А. Я. Технологии обучения и их роль в реформе высшего образования. / А. Я. Савельев // Высш. образ. в России. – 1994. – №1. – С.165-172.

УДК. 811.512.122:378.016

ФИЛОЛОГ ЕМЕС СТУДЕНТТЕРДІҢ ТІЛ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

З. Б. Үмбеталина, филология ғылымдарының кандидаты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары (СФЗЖ) – кез келген жоғары кәсіптік білім беру мекемесіндегі оқудан тыс жұмыстардың маңызды және ажырамас бөлігі. СФЗЖ-ны төменгі курстардан бастап жүргізген тиімді. Алайда оны тіл пәндері бойынша филолог емес студенттермен бірінші курста ұйымдастыру, әсіресе, қиын міндет. Мақалада тілдік емес жоғары оқу орны студенттерімен тіл пәндері бойынша ФЗЖ ұйымдастырудың мәселелері және оны шешу жолдары қарастырылады.

Научно-исследовательская работа студентов (НИРС) – важная и неотъемлемая часть внеучебной работы в любом образовательном учреждении высшего профессионального образования. НИРС лучше начинать как можно раньше, желательно на младших курсах. Однако, организовать ее на первом курсе - задача очень сложная, особенно со студентами-нефилологами по языковым дисциплинам. В данной статье рассматриваются проблемы организации НИРС студентов нефилологических вузов по языковым дисциплинам и пути их решения.

Scientific-research work of students – is an important part of extracurricular work at any educational institution of high professional education. SRW is better to start as early as possible, on junior courses. However, it is very difficult task to arrange it on the 1st courses, especially with non-philological students in language disciplines. The problems of organization with students of non-philological higher education institutions in language disciplines and the ways of it decision are considered in this article.

Студенттермен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары қай оқу орны болмасын білім алушылармен сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстардың маңызды әрі ажырамас бір бөлігі болып табылатыны белгілі. Ғылыми-зерттеу жұмыстары сабақтан тыс жүргізілгенімен, ол практикалық сабақтардың жалғасы болып саналады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттер бойында танымдық белсенділіктің, шығармашылық қабілеттің және танымдық әрекет мәдениетінің дамуына түрткі болады. Оқу үдерісінің барысында білім алушылар өз бойында ғылыми-зерттеу жұмыстарына қажет есте ұстау, байқампаздық, түйсікпен қабылдау, пікір білдіру және қорытынды жасаудағы еркіндік т.с.с. қабілеттерді игереді.

Тілдік емес жоғары оқу орындарындағы тілдер кафедрасы барлық факультет студенттерімен жұмыс жасайды. Қазақ және орыс тілдері 6 кредит көлемінде 2 семестр бойы оқытылады. Дайындық бағыттары түрлі бұл студенттермен тіл пәндері бойынша жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына алғашқы дайындық бағдарламада қарастырылған оқу материалдарының негізінде жүзеге асырылады. Мәселен, тіл үйренушілер практикалық сабақтарда және өз бетімен жұмыс жасауға берілетін тапсырмаларды орындау барысында мынадай іскерлік дағдыларын дамытады: қажетті ақпараттарды ой елегінен өткізе отырып, оған өзіндік көзқарасын білдіру дағдысын

қалыптастырады; белгілі тақырыптар төңірегінде ақпараттар беру және ақпараттар алу арқылы болашақта қажетті кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге дағдыланады; сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс құрай білу және оларды орынды қолдану дағдысын жетілдіреді; сөздік қорын кәсіби лексикамен толықтырады; сөйлеу тілін байытады; нақты, дәл, анық жауап беруге үйренеді; әдеби тіл нормасында сөйлеуге дағдыланады.

Қазақ және орыс тілдері пәндерінің жұмыс оқу бағдарламалары бойынша білім алушыларға II семестрден бастап іскери тіл дағдылары меңгертіледі. Студенттер қазіргі қазақ және орыс тілдерінің стильдік тармақтары, ғылыми стиль жанрларының түрлері туралы білімдерін толықтырады. Мәтінге жоспар құра білу, сұрақ түріндегі, тезистік және тақырыптық немесе атаулы жоспарларды құрып үйрену; мәтін және оның түрлерін (суреттеме, хабарлама, пайымдама) ажырата білу; реферат жазуға қойылатын талаптарды, реферат түрлерін (хабарлама, индикативті, ғылыми, монографиялық, шолу рефераттары) және олардың ерекшеліктерін меңгеру; тезис және тезистеу тәсілдерін үйрену; конспект, оның түрлерін (қысқартылған, кеңейтілген, аралас конспектілер) білу және оларды практикада пайдалану дағдыларын алу; аннотация, рецензия, сын-пікір жазып үйрену – осының бәрі ізденіске құрылған өз бетімен жұмысты дұрыс жүргізуге берік негіз қалайды.

Біздің кафедра бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын кафедрада үйлестіру;
- практикалық сабақтар барысында ғылыми стиль жанрларын меңгерту;
- тілдер бойынша ғылыми үйірмелер жұмысына тарту;
- кафедра пәндері бойынша ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру және өткізу;
- студенттер үшін пән олимпиадаларын және шығармашылық байқаулар ұйымдастыру;
- студенттерді қалалық және облыстық деңгейдегі олимпиадаларға, конкурстарға дайындап, қатыстыру;
- студенттердің оқу орнындағы ғалымдармен кездесуін ұйымдастыру және т.б.

Оқу орнындағы тіл пәндері төменгі курстарда жүргізілетіндіктен, қазақ және орыс тілдері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына негізінен бірінші курс студенттері тартылады. Қазақ және орыс тілі пәндерінен жыл сайын 20-ға жуық студент ғылыми баяндамаларымен университет көлемінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын студенттердің ғылыми конференциясына қатысып жүр. Кафедра бойынша студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырып, жүргізуге жауапты оқытушы белгіленген. СҒЗЖ жүйелі әрі тиімді жүргізу мақсатында оның жоспары жасалып, кафедра отырысында бекітіледі, кейін оқу жылы барысында отырыс жоспары бойынша арнайы мәселе ретінде қаралып отырады. Кафедра бойынша СҒЗЖ-ның нәтижелілігін тексеру және оны жақсарту бағытында ғылыми конференция қорытындысы және жылдық есептер тыңдалады. Кафедраның әр оқытушысы өздері сабақ беретін студенттер тобынан 1-2 студенттің ғылыми жұмысына басшылық етіп, оларды ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге дайындайды. Алайда, аталған тіл пәндері бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұны төмендегідей бірнеше объективті себептермен байланыстыруға болады:

- көптеген студенттердің жалпы білім беретін орта мектептен кейін бірден мұндай жұмыстармен айналысуы қиындық туғызады, өйткені олардың басым көпшілігінде зерттеу жұмыстарына қажет қабілет-дағдылар қалыптаса қоймаған;

-
- жаңа орта, жаңа талапқа бейімделу біраз уақыт алатындықтан, бірінші курс студенттерінің көпшілігі сабақтан тыс орындалатын мұндай жұмыстармен айналысуға ынта білдіре бермейді;
 - ғылыми-зерттеу тақырыптары таңдаған мамандықтарының бағытына сәйкес емес, яғни олар болашақ филолог емес;
 - тілдік дайындығының деңгейі жетіспейді.

Аталған себептер – қарастырылып отырған мәселенің бір ғана жағы. Ал екінші жағынан, пән оқытушыларының көп жағдайда студенттердің осы контингентімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге аса қызығушылық таныта қоймайтыны да шындық. Мұның да негізді себептері жоқ емес.

Мәселен,

- орыс және қазақ тілін оқыту сабақтары әлеуметтік-гуманитарлық пәндер топтамасына кіретін басқа пәндер сияқты, түгелімен сабақ кестесіне қойылады, сондықтан оқу жүктемесін орындау және әдістемелік жұмыстармен айналысу оқытушының көп уақытын алып, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын студенттерге қосымша сабақ жүргізуге олардың уақыты жете бермейді;
- оқытушының оқуға жаңа қабылданған студенттер арасынан зерттеу жұмысымен айналысуға икемі бар студенттерді таңдауға уақыты тым тығыз;
- оқытушылар көпшілігіне студенттердің реферативтік баяндамаларын студенттер конференциясына ұсынғысы келмейді;
- қазақ және орыс тілдері өзге тілді аудиторияларда оқытылатындықтан, қазақ топтарының студенттеріне ғылыми жұмыстарын - орыс тілінде, орыс топтарының студенттеріне қазақ тілінде баяндау жеңіл соқпайды, әрі оқытушының тікелей жетекшілігін қажет етеді.

Дегенмен, көп жылғы тәжірибе көрсетіп отырғандай, төменгі курстағы білім алушылармен де тіл пәндері бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, оларға кейін жоғары курстарда арнайы пәндер бойынша зерттеу жұмысымен айналысуға қажетті дағды-шеберліктерді игертуге болады.

Студенттердің өздік жұмыстары әрбір студенттің жеке қабілетін дамытатын, өз бетінше еңбек етуге мәжбүр ететін, сөйтіп, оқу материалдарын жан-жақты меңгеруге мүмкіндік беретін, әр студентті өзін-өзі дамытушы, өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтеруге бағытталған жұмыс болып табылады. Сондықтан төменгі курс студенттерімен тіл пәндері бойынша жақсы жолға қойылып, жүйелі жүргізілген СҒЗЖ-ның студентке берері мол. Әрине, ҒЗЖ арқылы студент пән бойынша меңгеруге тиісті оқу материалдарын толық игере алмайды, басқаша айтқанда, ол практикалық сабақтарды алмастыра алмайды әрі студенттердің өз бетімен жүргізетін жұмыстарының бір түрі болып саналатын СҒЗЖ ұйымдастырудағы мақсат та бұл емес. Бұл бағыттағы мақсат студенттердің қызығушылығын тудыра отырып, оны ізденіс жұмыстарына бағыттау, таңдаған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай білуге, материалдар жинақтауға, оны іріктеуге, ой елегінен өткізуге, тұжырым-қорытындылар жасауға, сөздіктермен, анықтамалықтармен жұмыс істей білуге дағдыландыру болып табылады. Сонымен қатар көпшілік алдында сөйлей білу, баяндай алу дағдысын, өзін-өзі ұстай білу, дауысын меңгеру, сұраққа дәл, нақты жауап беру, негізді дәлелдемелермен, дәйексөздермен сөйлеу білу дағдыларын меңгерту көзделеді. Ал осы дағды-қабілеттерді студенттің меңгеруіне басты көмекші болатын – оқытушы, яғни ғылыми-зерттеу жұмысының жетекшісі.

Тіл пәндері бойынша СҒЗЖ ұйымдастырудың жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескерсек, студенттердің СҒЗЖ-мен айналысуға қызығушылығын арттырып, оларды осы жұмыстарға тарту үшін мынадай көтермелеулер жасау артық етпейді:

- ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша берілген тапсырмалардың орындалу барысында студентке пән бойынша бонус баллдар, яғни ынталандыру баллдарын қою;
- универсиет көлеміндегі және қалалық, облыстық, республикалық, сондай-ақ өзге оқу орындарындағы студенттер ғылыми конференцияларына қатыстыру;
- үздік ғылыми баяндамаларды конференция жинақтарына, ғылыми басылымдарға өз авторлығымен немесе оқытушы мен студенттің бірлескен жұмысы ретінде жарияланымға ұсыну;
- түрлі байқауларға, оқуларға, олимпиадаларға дайындап, қатыстыру;
- моральдық және материалдық жағынан ынталандыру: үздік жұмыстарды дипломдармен, алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен және ақшалай сыйақымен марапаттау.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелігі студент пен ғылыми жетекшінің бірлескен әрекетіне байланысты. Студент ғылыми жетекшісінің басшылығымен зерттеу саласын анықтайды, жобаның тақырыбын таңдап, келесідей практикалық тапсырмаларды орындайды:

- зерттелетін мәселелерді анықтап, зерттеу жұмысының жоспарын әзірлейді;
- зерттеу жұмысын өз деңгейінде орындауға қажетті ғылыми әдебиеттерді іріктейді;
- өз бетімен рефераттық түрде аналитикалық шолу жасап, оны ғылыми жетекшімен талқылайды;
- жинақталған материалдарға іріктеу, сараптау, тұжырымдау жұмыстарын жүргізеді;
- алынған нәтижені есеп, баяндама немесе презентация түрінде ұсынады.

Алынған нәтижені баяндау түрі анықталғаннан кейін студент компьютерлік өрнектеу (үлгілеу) қызметімен де айналысады. Нақтырақ айтсақ, зерттеу нәтижесін көпшілік алдында баяндауды тиімді ету тәсілдерін қарастырады. Бұл мультимедиялық реферат, бейнеролик, баяндамамен ілестіріліп көрсетілетін компьютерлік анимация т.б. түрінде дайындалуы мүмкін. Соңғы кезде бірқатар студенттер осындай мақсатпен мультимедиялық проекторды пайдаланып жүр.

Қорыта айтқанда, сауатты құрылған оқу үдерісі студенттің жалпы білім пәндері бойынша өзіне қажет білім көлемін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар алынған білімін ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында ойдағыдай пайдалануға мүмкіндік алады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша бірінші курста қалыптасқан шеберліктері мен дағдылары студенттерге одан әрі арнаулы пәндері бойынша зерттеу жұмыстарын еркін жүргізуге және білім қорларын өз бетімен ізденіс арқылы толықтыруға мүмкіндік береді. Олай болса, білім алушылардың оқу материалдарын шығармашылықпен игеруге дағдылануы, ізденіске, зерттеу жұмысына бағытталуы төменгі курстарда олармен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігіне байланысты болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Беляева, А. Управление самостоятельной работой студентов / А. Беляева. // Высшее образование в России. – 2003. – №6.

2. Пегашкин, В. НИР студентов младших курсов: проблемы и решения / В. Пегашкин, Т. Гаврилова, К. Корнисик // Высшее образование в России. – 2008. – №7. 102-112 б.

3. Резник, С. Д. Управление кафедрой / С. Д. Резник – М. : Мысль. – 2006. – с. 345.

УДК 821.512.122.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭСТЕТИКА

Г. Г. Қаржауова, А. Е. Ихласова

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада Абайдың эстетикалық ойларының негізгі мәні, оның көркемдік туралы ұғым нақышы анық берілген. Әрбір үлкен суретші сияқты Абай да эстетиканы әлеуметтік өмірден бөліп алмайды. Абай – қазақтың шын мәніндегі тұңғыш халық ақыны және өмір шындығының теңдесі жоқ жыршысы. Мақалада ақын өзінің поэзиялық шығармаларында өмір көріністерін эстетикалық талғампаздықпен шебер жеткізе білгені туралы айтылған.

В статье дается понятие о выражении основного смысла эстетического мышления Абая, его восприятие красоты. Как всякий великий художник, Абай тоже не отделяет эстетику от социальной жизни. Абай является первым народным поэтом у казахов и все его творчество наполнено жизненной правдой. В статье затронут вопрос о том, как Абай в своих произведениях умело передает правду жизни с эстетической точки зрения.

The conception of expression of main sense of aesthetic thinking of Abai, his perception of beauty is given in the article. As every great artist, Abai also separates aesthetics from social life. Abai is the first Kazakh national poet and all his creative work is full of life truth. There is the description how Abai skillfully tells the truth of life with aesthetic point of view in his works.

Қай халық болсын өзінің елдік қасиетін, рухани қазынасын, тарихында өлмес із қалдырған ақыл-ой кеменгерлерін мақтан етеді. Қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгісі, тіпті болашағы жайында сөз еткенде Абай есімін атамай, Абай мұрасына соқпай өте алмаймыз. Абай дәуірінен бері талай буын алмасты, бірақ уақыт озған сайын шоқтығы көтеріліп, биіктей түсіп келе жатқан тұлғалар да аз емес. Кеменгер Абай сондай ұлы тұлғалардың бірі. Абай – қазақтың шын мәніндегі тұңғыш халық ақыны және өмір шындығының теңдесі жоқ жыршысы. Сахара тіршілігін дәл Абайдай терең де мол қамтыған, әрі барынша көркем бейнелеген ақын жоқ.

Қазақтың байырғы жазба әдебиетін профессионалдық әдебиеттердің дәрежесіне көтерген Абай кейінгі ұрпақтардың үлесіне сан салалы сыбаға қалдырды. Олар дербес формада жазылған ойшыл, сыншыл, түсінікшіл проза, түп нұсқамен терезі тең аударма, парасатты дастандар, алуан өрнекті өлеңдер [1].

Эстетика дегеніміз – әлеуметтік қоғамдық ой өрісінен, философиядан, социологиядан, моральдық-этикалық қағидалардан құнарланған әлемдік ілім. Бұл ілім көркем шығармашылықтың тарауларын талдап, табиғатын жете танытуға қызмет етеді. Өрісті, үлгілі, озық әдебиеттерде әрқашан құнарлы да қажетті салаға айналған эстетика – қазақтың бергі замандары жазба әдебиетінде Абайдан туындаса, бұнда тарихи сыр, дәуірдің ділгерлігі жатыр.

Абай көркем шығармашылықты қырық жасында, былайша айтқанда, кемеліне келген шағында үдете бастайды. Бұл кезде ол қоғамдық күресті бастан кешкен, озық орыс әдебиетіне қаныққан санаткер санағында еді. Тарихтан, философиядан хабардар ол өзінен бұрынғыларға да, өз тұстастарына да сын көзімен қарарлық дәрежеде еді.